

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Жумашева Толкын Сабитовнаның 6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Т.С. Жумашеваның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР бірқатар заңдары мен мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес келеді: «Білім туралы» Заңы, ҚР «Педагог мәртебесі» Заңы, Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен Педагогтің кәсіби стандарты және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары; Білім беру бағдарламалары; Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі және т.б.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмері); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Оның ішінде: Білім беру және ғылым саласындағы зерттеулер; Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер. Диссертация 8D012-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша ұсынылған.

2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды? Ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	<p>Диссертация мектепке дейінгі білім беру ғылымының дамуына елеулі үлес қосады.</p> <p>Заманауи талаптарға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның болашақ тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту теориялық-әдіснамалық негізделіп, әдістемелік тұрғыда жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген.</p> <p><i>Біріншіден:</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздеріне терең талдау жасалған.</p> <p><i>Екіншіден:</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуеті тұжырымдамасының мәні, құрылымы мен қызметі анықталған.</p> <p><i>Үшіншіден:</i> Болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрайтын тұжырымдамалық, әдістемелік блоктар, компоненттер, соған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштер жоғары, орташа, төмен құрылым деңгейлері берілген.</p> <p><i>Төртіншіден:</i> Болашақ тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуға арналған әдістемелік кешен әзірленген:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Педагогикалық үдерісті басқарудағы лидерлік» элективті курсы; 2. Кәсіби лидерлік әлеуетті дамытуға арналған лекция, семинар материалдары, СӨЖ тапсырмалары мен тестер, бақылау сұрақтары және басқада ақпараттарды қамтитын «Педагогикалық үдерісті басқарудағы лидерлік» дәрістер жинағы дайындалған. <p>«Лидер» клубының бағдарламасына 6 жаңа секция қосылып (Кино және театр; АРТ; Оқырмандар; Музыка; Тіл үйрену; SMM (Social Media Marketing) бағдарламасы жасалып, жоспарлары құрылған. Қазіргі кезде Social Media Marketing аты айтып</p>
---	---------------------	--	--

			<p>тұрғандай, әлеуметтік желілер арқылы өзінің немесе өзі қызмет ететін ұйымның жақсы имиджін қалыптастыруға мүмкіндігі жоғары.</p> <p><i>Бесіншіден:</i> Абай Құнанбайұлының қара сөздерінен болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту идеялары сұрыпталып алынып әдістемелік нұсқаулық даярланған.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Докторант Т.С. Жумашеваның диссертациясында өзі жазу деңгейі жоғары. Ғылыми ақпараттар мен деректерді ұсынуда ғылымилық, жүйелілік, бірізділік, принциптері сақталған. Берілген мәліметтер мен жасалған тұжырымдар педагогикалық ғылыми стильде баяндалған. Жұмыстың мазмұны құрылымдық талаптарға сәйкес және үйлесімді берілген. Диссертанттың жұмысында дербес ғылыми педагогикалық стилінің жоғары екендігі көрінеді.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген 	<p>Диссертацияның кіріспе бөлімінде және тарауларында өзектілігі негізделген. Қазақстанда білім беру жүйесінің сипаты әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйемен, сондай-ақ мәдени, тарихи және ұлттық ерекшеліктерімен анықталады. Соңғы жылдары қоғамның қарқынды дамуы білім беру сапасына қатал талап қоя отырып, Қазақстанның білім беру саясатына сәйкес – жас ұрпақты адами құндылықтар негізінде тәрбиелейтін мамандығына пәрменді қызығушылық танытатын, оптимизммен қызметін атқаратын, харизмамен ерекшеленетін кәсіби лидерлік әлеуеті дамыған мектепке дейінгі ұйымның болашақ тәрбиешілерін даярлау болып табылады. Қазіргі жоғары оқу орнын бітірген түлектерден күтілетін нәтиже – теориялық білімдерін тәжірибеде кеңінен қолдана білу дағдысының жоғары деңгейде болуы. Жұмыс беруші ұйымда жас маман нақты кәсіби даралық іскерлік әрекетімен</p>

		бағаланады. Олардың кәсіби даралық іскерлігі, дамыған кәсіби лидерлік әлеуетінен көрініс табады. Болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту мақсатты, жекетұлғаға бағдарланған жүйелілікті талап ететін ұзақ және күрделі үдеріс болғандықтан онда қазіргі қоғамның талаптарын жүзеге асыра алатын сапалы мамандар даярлаудың тиімділігі жоғары. Осыған орай болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың өзектілігі артады. Зерттеу барысында дайындалған әдістемелік кешеннің міндеттерін жүзеге асыруда, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту ортасы құрылып, жағдай жасалады.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық тұжырымдамаларға негізделген. Тәжірибелік-экспериментте тексерілген.
	4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді деуге толық негіз бар. Зерттеудің мақсатына байланысты болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту қажеттілігін теориялық тұрғыдан негізделген, әдістемелік кешенін әзірленіп, эксперименттік жұмыста тиімділігі анықталған. Зерттеудің <i>бірінші міндетін жүзеге асыруда</i> лидерлік феноменінің қалыптасуы мен дамуын зерттеп, талдау жасалып, өзінің тұжырымдамасы берілген. <i>Екінші міндет бойынша</i> кәсіби лидерлік әлеует ұғымының мәні, құрылымы мен қызметі анықталған. <i>Үшінші міндетте</i> болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған. <i>Төртінші міндет</i>

			<p>болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың әдістемелік кешенінің әзірленуімен және эксперименттік тәжірибеден өткізіп, нәтижесін көрсетумен жүзеге асырылған.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u> 2) жартылай байланысқан 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары, құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелердің ішкі бірлігі логикалық бірізділікпен толық байланысқан. Диссертацияда ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының логикалық бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері жасалған ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертацияда автор зерттеу мәселесіне қатысты қағидаттар мен әдістерді, теориялық-әдіснамалық тұжырымдарды негізге ала отырып зерттеу жүргізген. Кәсіби лидерлік әлеуетті дамытуға байланысты ғылымда қалыптасқан теориялар басшылыққа алынып, жаңа шешімдер салыстырмалы түрде бағаланып, тұжырымдалған. Жұмыстың құрылымдық - мазмұндық моделін құруда зерттеу әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент нәтижелері сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырмалы бағаланған.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем болып табылады) 	<p>Т.С. Жумашеваның зерттеу барысында алған нәтижелері толық жаңа болып саналады. «Мектепке дейінгі ұйымның болашақ тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуеті» ұғымының мәні, болашақ тәрбиешінің танымдық іс-әрекетін болжамдық, стратегиялық мақсат қою тұрғысынан сипаттайтын жеке өмірі мен болашақ қызметіне мақсат қою және оған жетуде міндеттерін тиімді жүзеге асыру үшін</p>

			<p>өзгерістерге сезімталдық, өкілеттікті беру, фрустрацияға қарсы тұру, уақытты ұтымды пайдалану және мамандығына пәрменді қызығушылық.</p> <p>2. Болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту факторлары: мәдени-дамытушылық органның шығармашылық кәсіби ізденіске және өзгерістерге ұмтылуға әсері, педагогтердің адаптивті-мотивациялық құзыреттілігінің шығармашылық кәсіби ізденіс пен өзгерістерге ұмтылуға, жасампаз, сапалы кәсіби нәтижеге жетуге ықпалы, селф-менеджмент креативтілік пен инновациялыққа, бастамашылдыққа және әлеуметтік белсенділікке, харизмаға және ынтымақтастыққа бейімділікке қабілеттілікті дамытып, жағымды имидж қалыптастыруда өзін-өзі басқаруды, дамытуды қамтамасыз етеді.</p> <p>3. Оқу-тәрбие және сабақтан тыс үдерістерді құрайтын мотивациялық, танымдық, рефлексиялық компоненттер мен көрсеткіштерді, тұлғалық, іс-әрекеттік, когнитивтік, мотивациялық, орта тұғырлар мен принциптерін қамтитын болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі. Мектепке дейінгі ұйымның болашақ тәрбиешілерінің зерттелетін кәсіби лидерлік әлеуетінің деңгейін анықтайтын мазмұны, қызметі, құралдары негізделетін әдістер мен іс-әрекеттер жиынтығынан тұратын құрылым.</p> <p>4. «Лидер» клубының бағдарламасы және элективті курсы, болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетінің табысты дамуын қамтамасыз ететін дәрістер жинағы, әдістемелік нұсқаулар.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жана</p>	<p>Толығымен жаңа. Зерттеу жұмысының жаңашылдығы ешқандай күмән тудырмайды. Болашақ мектепке дейінгі ұйым</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуға арналған тәжірибелік-эксперимент диссертация мазмұнында қарастырылған мәселелерді және зерттеу нәтижесін растайды. Жұмыстың негізгі аспектілері ғылыми негізделген, әрі шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне, нақты деректерге сілтеме жасай отырып жазылған деп бағаланады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуда «Лидер» клубының бағыттары «Оқу жұмысы»; «Ғылыми зерттеу»; «Тәрбие жұмысы»; «Өзін-өзі басқару» бағыттары бойынша 12 секция жұмысында кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту үдерісін басқару мақсатында жаңа технологиялар қолданылған. Мысалы: «Буккроссинг» технологиясы (ағыл. bookcrossing) «Кітаптарды жылжыту» немесе «Кітап айналымы» дегенді білдіреді. «Буккроссинг» технологиясы болашақ тәрбиешілерді көркем әдебиетпен таныстыру құралы ретінде «Оқырмандар» секциясында белсенді қолданып, оң нәтижесін көрсеткен. SMM (Social Media Marketing) секциясы - маркетингтік және коммуникациялық стратегияның бір бөлігі болып табылады, онда әртүрлі әлеуметтік платформалар мен бағдарламаларды пайдалану арқылы болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту мақсатында, күнделікті оқу-тәрбие үдерісін қызықты әрекетке айналдыру үшін геймификация технологиясы қолданылған. Кез-келген жоба үшін геймификация технологиясын құру критерийлері: студенттердің үдеріске қатысу еріктілігі; қатысу ережелерінің адалдығы, нақтылығы мен түсініктілігі; қатысушы үшін жаңаны байқап</p>

			<p>көру мүмкіндігі; қол жетімділік пен ашықтықты сақтау; басқа қатысушылармен белсенді коммуникация; қатысушылардың да, ойынның да даму динамикасына сәйкес келуі. Геймификацияның негізгі мақсаты қатысушыларды белгілі бір бағдарламамен жұмыс жасауға тарту және белсенділіктерін арттырып, қатысушыларына жоғары мотивация алуға және нақты нәтижеге жетуге мүмкіндік берген. Сондықтан зерттеушінің болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту үдерісін басқарудағы шешімдері жаңа және негізделген болып табылады. Зерттеу жұмысындағы шешімдер тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталған.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациядағы жасалған тұжырымдамалар мен нәтижелер негізделген және шынайылығымен ерекшеленеді. Мектепке дейінгі ұйымға мамандар даярлауда теориялық және практикалық жағынан тиімділігімен дәлелдеген құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, әдіснамалық тұғырлар, ұстанымдар, қорытындылар және, ғылыми әдістемелік ұсыныстар жоғары оқу орнында зерттеу жұмыстарын жүргізуге, колледждер және мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің біліктілігін арттыру тәжірибелерінде, жалпы педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыруда және басқаруда пайдалануға болады.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді</p> <p>3) шамамен</p>	Болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамыту үдерісі жоғары оқу орнында білім берудің және озық тәжірибелердің тиімді пайдалануына жағдай жасалып, жоғары деңгейде игеруге мүмкіндік береді. Әр студенттің дара ерекшеліктерін ескере отырып,

		<p>дәлелденбеді 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі 1) тар 2) орташа 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> 2) жоқ</p>	<p>кәсіби лидерлік әлеуеттерін дамыту ортасы құрылады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері топпен жұмыс істеу, команда құру, кәсіби қарым-қатынастарындағы біліктіліктерін дамыту, тәрбиелік орта құру, жағдай жасау, коммуникабельділік, фрустрацияға қарсы тұру, өзін-өзі ынталандыру, мотивация, кикілжіндерді шешу, дұрыс шешім қабылдау, деструктивтілікті болдырмау, байсалды бағалау, адами құндылықтар, салауатты өмір салтын ұстану, қырағылық: ұйымдастырушылық, ораторлық өнер, шығармашылық, шеберлік, стратегиялық мақсат қою, бәсеке қабілеттілікті ұғыну, аналитикалық ойлау қабілеттері, білім алуға, өздігінен ізденуге құштарлықтарын дамыту, тайм-менеджмент, селф-менеджмент дағдыларын жетілуімен ерекшеленетін кәсіби лидерлік әлеуетінің жоғары даму деңгейі дәлелденген, тривиалды емес, қағида дәлелденген, зерттеу пәні бойынша жаңа білімді ұсынады, болашақта қолдану ауқымы кең және «ЖОО-дағы студенттердің лидерлік әлеуетін дамыту болашақ мамандарды даярлаудың сапасының артуының кепілі» //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3 (63) - Алматы, 2019. - Б. 94-98. «Болашақ тәрбиешілердің лидерлік әлеуеті және оның өзін-өзі дамыту мәселесімен өзара байланысы» //Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы «Педагогикалық ғылымдар бөлімі», №3(79),- Алматы, 2019. - Б. 241-246. «Болашақ мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешісінің лидерлік әлеуетін дамыту әдістері» //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Көшбасшылық және менеджмент: теория мен практиканың қазіргі даму тенденциялары». – Алматы,</p>
--	--	--	---

			<p>2019. - Б. 85-89. «Болашақ тәрбиешілердің лидерлік әлеуетін анықтаудың педагогикалық және психологиялық зерттеу әдістері жайында» //1 Mayıs Uluslararası Sosyal Politikalar ve Bilimsel Araştırmalar Kongresi.-İksad Kongre академиялық ұйымы. - Ankara.Turkey, 2019. - P.291-296. «Role of psychological work in the development of leadership qualities of future preschool educators» //Uluslararası 23 Nisan Multidisipliner Çalışmalar Kongresi. - İksad Kongre академиялық ұйымы, Ankara:Turkey, 2019. - P.55-62 (Қосалқы автор: А.А. Алимбекова). «The importance of the club in developing the professional leadership potential of students of pedagogical specialties// Challenges in science of nowadays. The issue contains: Proceedings of the 7th International Scientific and Practical Conference,- Washigton, USA, 2020. - P.280-287. атты мақалаларында көрініс тапқан. Болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін практикалық және өзін-өзі басқару жұмыстары арқылы дамыту мәселелері «Organization of practical work on the development of pedagogical artistry in a future educator// Scientific Horizon in the context of social crises. Proceeding of the 7th international Scientific and Practical Conference. Tokyo: Japan, 2021. -P.217-223 «Organizational technics for developing the leadership potential of students in self-government» // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2021. – Vol.16, Iss.5. – P. 2879-2886. мақалаларында берілген.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық тұғырларына (тұлғалық, іс-әрекеттік, когнитивтік, мотивациялық, орта) және ұстанымдарына (оқытудағы сана мен белсенділік, теориялық білім мен тәжірибенің сәйкестігі, жеке

			тұлғаның әлеуетін дамыту, жан-жақтылық) негізделген.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u> 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Зерттеу жұмысы барысында анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент бойынша статистикалық мәліметтерді өңдеу SSPS компьютерлік бағдарламасы арқылы алынған. Деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланған. Қалыптастырушы эксперименттің зерттелуші топтарының нәтижелері эмпирикалық үлестірімдер үшін Фишер критерийін (Фишердің бұрыштық түрленуі) қолдана отырып, математикалық негіздеу тұрғысынан талданып, нәтижесі алынған. Бұл мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің лидерлік әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі аясында, әдістемелік кешенімен жүргізілген және жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісіне ендіріліп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденгендігін білдіреді. Эксперимент жұмысы тестік және стандарттық нормаларға сәйкес, валидтілік және сенімділік басымдылықтары мен корреляциялық байланыс сақталған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді)</p> <p>1) <u>ия</u> 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың теориялық қорытындылары, моделі, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген. Экспериментке Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің 6B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша 63 студент және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 6B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша 62 студент, жалпы алғанда барлығы 125 студент алынған. Кәсіби лидерлік әлеуеттің дамуы ең бірінші мотивация арқылы іс-әрекеттің жүйелі құрылуы,</p>

			<p>ынталандырудың әртүрлі әдістерін пайдалану болашақ тәрбиешілердің мектепке дейінгі ұйым қызметінің тиімділігін арттырып, олардың білім беру үдерісінде бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуге толық ықпалы анықталған.</p> <p>Н.Г.Фетискина, В.В.Козлова, Г.М.Мануйлованың «Лидердің өзін-өзі бағалауын анықтау»; Р.С.Немовтың «Лидерлік әлеуетін анықтау» және «Тұлғаның ерік-жігерін анықтау»; Е.Жариковтың «Лидерлік қабілеттерін диагностикалау»; В.Ф.Ряховскийдің «Коммуникабельділігін анықтау» әдістемесі қолданылып, нәтижелері дәлелденген.</p>
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған	<p>Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуға байланысты теориялық қорытындылар философиялық, педагогикалық, психологиялық аспектілері арқылы анықталып, ғылыми идеялардың байланысы мен ерекшеліктерін талдап, тұжырымдау шет елдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасау арқылы жүзеге асқан. Зерттеу жұмысына байланысты алынған барлық маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		8.5 Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертацияда барлығы қажетті деп танылған және сенімді дереккөздер саны белгілі тәртіппен реттелген 331 библиографиялық жазбалар жиынтығын құрайды.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар 1) ия 2) жоқ	<p>Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың теориялық әдіснамалық негіздері анықталып, талдау жасалған. «Кәсіби лидерлік әлеует» - ұғымының мәні, құрылымы, қызметі нақтыланған түрде ұсынылған және автордың өзіндік анықтамасымен толықтырылған. Педагогикалық</p>


			<p>имидж және педагогикалық дағдылар болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың құрамдас бөлігі мен құралы ретінде маңыздылығы айқындалған. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі даярланып, әдістемелік кешені әзірленіп, оқу-тәрбие үдерісіне ендірілген және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, оң нәтижесі берілген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Зерттеудің практикалық маңызы алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігінің жоғарылығымен айқындалады. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуға арналған «Педагогикалық үдерісті басқарудағы лидерлік» элективті курс бағдарламасы, «Педагогикалық үдерісті басқарудағы лидерлік» дәрістер жинағы; «Лидер» клубының жұмысын ұйымдастыруға арналған бағдарламасы, «Абай Құнанбайұлының қара сөздеріндегі лидерлік идеялары» атты әдістемелік нұсқаулықтан құралған оқу әдістемелік кешені дайындалып, тәжірибеден өткен. Зерттеу практикалық нәтижелерін жоғары оқу орындарында «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды кәсіби даярлау үдерісіне, педагогикалық колледждерде, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3 Жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. <i>Бірінші ұсыныс:</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің лидерлік әлеуетін дамытудың әдістемелік кешенін кәсіптендіру</p>

		<p>3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>пәндерінің элективті курсының СӨОЖ және СӨЖ тапсырмаларына қосу. <i>Екінші ұсыныс:</i> Болашақ тәрбиешілердің кәсіби лидерлік әлеуетінің көрсеткіші мамандықтарына пәрменді қызығушылықтарын дамытып, патриоттық сезіммен қарауға ықпал ететін «Мектеп жасына дейінгі балалардың лидерлік әлеуетін алаш қайраткерлерінің еңбектері негізінде дамыту» тақырыбына арналған ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу. <i>Үшінші ұсыныс:</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілер кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуды жүйелі және үздіксіз жалғастыру мақсатында қалалық, ауыл-аймақ, аудан орталықтарында кәсіби лидерлік әлеуеттерін мамандықтарына сәйкес тәжірибе алмасып, жаңашылдықпен танысып, кәсіби жетілдіріп, шыңдап отыратын орталықтар ашу.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары 2) орташа 3) орташадан төмен 4) төмен</p>	<p>Диссертант Жумашева Толқын Сабитовнаның диссертацияны жазудағы академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми педагогикалық тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар жүйесі жеткілікті және түсінікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Диссертация жұмысына ұсыныс: Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби лидерлік әлеуетін дамытуда қимыл-қозғалыс ойындары қамтылғанда диссертациялық жұмыстың құндылығы артар еді. Дегенмен берілген ұсыныс диссертациялық жұмыстың құндылығын төмендетпейді. Керісінше болашақта жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде лидерлік мәселелерін зерттеу</p>

			жұмыстарын қарастыруға ойлаймын.	жан-жақты ықпал етеді деп
--	--	--	--	---------------------------------

Шешім: Жумашева Толқын Сабитовнаға 8D012-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент, философия докторы (PhD),
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің профессор м.а.



ҚОЛЫН
РАСТАЙМЫН:
Б.М.Баймуханбетов
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Адам ресурстарын басқару
Бөлімінің бастығы